

# СЫН ЕСІМНІҢ ШЫРАЙЛАРЫ

*Сын есім. Сын есімнің жасалуы.*

*Мағыналық түрлері.*


*(қайталау сабағы)*

*“Әдепті бала – арлы бала,  
Әдепсіз бала – сорлы бала”*

*халық даналығы*

# Адамның түр сипаты (внешность человека)

- Ұзын бойлы – высокого роста
- Сұңғақ – высокий, рослый
- Орта бойлы – среднего роста
- Аласа бойлы, тапал – маленького роста
- Әдемі, сұлу, әсем – красивый
- Сүйкімді – приятный, миловидный, обаятельный
- Сымбатты – стройный, грациозный
- Толық (толықтау) – полный (полноватый)
- Арық (арықтау) – худой (худощавый)
- Бұйра (қара, сары...) шашты – кудрявые (черные, светлые...) волосы
- Ақкұба – светлолицый
- Қара торы – смуглый, брюнет
- Мұртты – усатый
- Сақалды – бородатый
- Талдырмаш – тонкий (о фигуре)



# сұрақтар

- Сын есім дегеніміз не?
- Сұрақтары?
- Мағынасына қарай қандай түрге бөлінеді?
- Тұлғасына қарай?
- Құрамына қарай?

# Сын есім мағынасына қарай:

*Сапалық*

(качественные)

*Қатыстық*

(относительные)

- Жасалау жолдары.
- Мысалдар келтіріңдер.

# Қазақ тіліне аударындар

1. белый, красный, черный, синий, зеленый, желтый.
2. Большой, маленький, высокий, низкий, короткий, широкий, просторный, узкий, глубокий, длинный, крупный.
3. Ровный, кривой, круглый, плоский, гладкий.
4. Жесткий, мягкий, жидкий, тяжелый, жирный, медленный, быстрый.

# Тапсырма

- *Сын есімдер:*

*Жасыл, тар, биік, жалпақ, ірі.*

- *Зат есімдер:*

*Жол, қарақат, сабақ, бөлме, гүл.*



*Сын есімдердің жасалуын түсіндіріңдер/  
Объясните, как образованы эти прилагательные*

*Күшті*

*қызықты*

*дамсіз*

*өндірістік*

*балалы*

*бойшаң*

# Сын есімнің шырайлары

Жай шырай/ Положительная степень	Салыстырмалы шырай/ Сравнительная степень	Күшейтпелі шырай/ Усилительная степень	Асырмалы шырай/ Превосходная степень
<p>Является основой для образов др. степеней</p>	<p>-рақ, -рек, -ырақ, -ірек, -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу, -қыл, -кіл, -ғылтым, -қылтым, -ілдір, -қай, -аң, -ең, -ша, -ше жұрнақтары арқылы жасалады.</p>	<p>Особо выделенная степень качес. предмета. Повтор первого слога + П</p>	<p>Образуется с <b>помощ. наречий</b>: <b>Ең</b> (самый), <b>өте</b> (очень), <b>тым</b> (слишком), <b>аса</b> (наиболее), <b>нағыз</b> (настоящий), <b>тіпті</b> (совсем)</p>
<p><i>Мысалы: жасыл, сұлу, жаман</i></p>	<p><i>Мысалы: кіші+рек, жақсы+рақ, жас+тау, сұр+ғылт</i></p>	<p><i>Мысалы: қып-қызыл, үп-үлкен, жап-жақсы</i></p>	<p><i>Мысалы: ең әдемі, өте үлкен, тым қатал</i></p>

# Жаттығу жұмыстары

*Мына көше ана көшеден тазалау. Сен әкелген су сұп-суық. Шайым аса ыстық екен. Сенің наның менің нанымнан жұмсағырақ. Атамның тақиясы сенің тақияңнан жасылдау. Менің көйлегім сенің көйлегіңнен арзанырақ. Балалар тіпті ақырын отыр. Біздің бөлmemіз тап-таза. Биыл былтырдан гөрі ыстықтау. Кеше бүгінгіден суығырақ болды.*

**Салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы шырай  
жасаңыздар/ Образуйте сравнительную, усиленную и  
превосходную ст.сравнения прилагательных**

*Үлгі/Образец:*

*Жұмсақ – жұмсағырақ – жұп-жұмсақ – өте жұмсақ*

- Арзан –
- Жақын –
- Тәтті –
- Ұзын –

## **Сын есімнің морфологиялық талдауының тәртібі/Порядок морфологического разбора имени прилагательного**

- *Сын есімді сөйлемнен жазып алу/выписать прилагательное из предложения*
- *Сөз табын көрсету, сұрақ қою/указать часть речи, поставить вопрос*
- *Сөзді құрамына қарай белгілеу/определить слова по составу*
- *Құрылымына қарай белгілеу/определить слова структуре*
- *Мағынасына қарай белгілеу/определить слова по значению*
- *Егер сапалық болса шырайын белгілеу/если качеств.прилаг. то указать степень сравнения*

# Морфологиялық талдау үлгісі/ Образец морфологического разбора

*Адам өміріндегі ең үлкен<sup>3</sup> қуаныш – бала сүю.*

*Б.Момышұлы*

**Ең үлкен** – сын есім (қандай?); негізгі; дара;  
сапалық, асырмалы шырай.

# Мінез-құлық қасиеттері/Свойства характера

- Мейірімді – добрый
- Ақкөңіл – добродушный, искренний
- Қайырымды – отзывчивый
- Зейінді, ілтипатты – внимательный
- Адал – честный
- Ұстамды, сабырлы – сдержанный
- Ықыласты – доброжелательный
- Кішіпейіл – чуткий
- Кеңпейілді – широкая натура
- Жуас – скромный
- Жомарт – щедрый
- Парасатты – порядочный
- Ынталы – инициативный
- Әділ – справедливый
- Жауапты – ответственный
- Еңбексүйгіш – трудолюбивый
- Пысық, іскер – деловой
- Мәдениетті – культурный
- Зерек – способный
- Көңілді – веселый
- Тәртіпті – дисциплинированный
- Ұқыпты – аккуратный
- Қатал – строгий
- Кежір, шолжаң – капризный
- Жалқау – ленивый
- Мылжың – болтливый

# *Жұмбақ шешейік*

Түрі шар сияқты,  
Түсі қып-қызыл,  
Дәмі бал сияқты.

(. . .)



# Үй тапсырмасы

- Шырай түрлеріне көркем әдебиеттен бірнеше мысалдар жазып келу.

# Мәтінмен жұмыс

## Екі жалқау

Баяғыда екі жалқау адам болыпты. Олардың жалқаулықтары сондай, тіпті еріндерін қимылдатуға да ерінеді екен.

Бір күні екеуі алма ағашы түбінде жатқанда, бірінің көзі көп алмаға түседі.

- Алма піс, аузыма түс, - дейді.

Екінші оған:

- Ерінбей-жалықпай, соны қалай айттың? – деп ренжиді.

# Тапсырма:

## 1. Фонетикалық талдау:

Баяғыда [байағыда]

## 2. Сөзжасам талдауы:

Жалқаулықтары

## 3. Морфологиялық талдау:

Жалқау